

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 ақпанда № 10176 тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 32-бабының 9-тармағына, 243-1 бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары мен олардың мазмұнына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i> "КЕЛІСІЛДІ" Қазақстан Республикасының Қаржы министрі _____ Б. Сұлтанов 2014 жылғы 30 желтоқсан	<i>Е. Досаев</i>
--	------------------

	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген
--	--

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту)

қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

1. Осы Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 32-39-2-баптарына сәйкес әзірленді және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) тәртібін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) Бюджет кодексінде және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес әзірленеді.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Стратегиялық жоспар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы стратегиялық жоспарда айқындалған мақсаттармен өзара байланысқан республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Стратегиялық жоспар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысқан республикалық бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, бюджеттік бағдарламасы тиісті аумақтарды дамыту бағдарламасында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік органның ережесінде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысқан жергілікті бюджет шығыстарының бағытын айқындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаны жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және тікелей және түпкілікті нәтиженің көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемін қамтиды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

4. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

2-тарау. 2015 қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу тәртібі және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бюджеттік бағдарлама оның іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін қамтиды.

Бюджеттік бағдарламада сапа және (немесе) тиімділік көрсеткіштері қамтылуы мүмкін.

Сапа және (немесе) тиімділік көрсеткіштері кейіннен бағалау үшін сапа және (немесе) тиімділік деңгейі маңызды критерий болып табылатын бюджеттік бағдарламаларда көрсетіледі.

6. Бюджеттік бағдарлама бюджеттік кіші бағдарламалар үшін бюджеттік бағдарламаларға да қолданылатын нәтиже көрсеткіштерін қолдану шартымен, бюджет қаражатының жұмсалыу бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

7. Стратегиялық жоспар әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 50 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9872 тіркелген, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын және аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен мониторингін жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;
- 2) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы;
- 3) бюджеттік бағдарламаның түрі;
- 4) бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерінің атауы; тікелей нәтиже көрсеткіштері;

- түпкілікті нәтиже көрсеткіштері;
- сапа көрсеткіштері;
- тиімділік көрсеткіштері;
- 5) бюджет қаражатының көлемі.

8. Стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының жобасы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) жоспарлы кезең;
- 2) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы;
- 3) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;
- 4) бюджеттік бағдарламаның басшысы;
- 5) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі;
- 6) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме);
- 7) бюджеттік бағдарламаның түрі;
- 8) бюджеттік бағдарламаның мақсаты;
- 9) бюджеттік бағдарламаның міндеттері;
- 10) бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар және жоспарлы кезеңдегі іске асырылу мерзімі;
- 11) тікелей нәтиже көрсеткіштері;
- 12) түпкілікті нәтиже көрсеткіштері;
- 13) сапа көрсеткіштері;
- 14) тиімділік көрсеткіштері;
- 15) бюджет қаражатының көлемі.

9. Стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

- 1) ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы жоспарлы кезең болып табылады;
- 2) "Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және оның коды Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес көрсетіледі;
- 3) "Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес коды және атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атауы жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің мазмұны және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді және мемлекеттік орган қызметінің бағыттарын көрсетеді.

Нысаналы трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары нысаналы трансферттер немесе бюджеттік субсидиялар арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы мақсатын көрсетеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жалпы сипаттағы трансферттердің түрі мен берілетін бюджет деңгейін көрсетеді.

Бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жергілікті бюджеттерді не қарыз алушыны кредиттеу кезінде бюджет деңгейін, сондай-ақ осы бюджеттік кредиттер арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың бағыттарын көрсетеді.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бөлінетін бюджет қаражатының нысаналы бағытын көрсетеді.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуымен байланысты бюджеттік бағдарламалардың атаулары заңды тұлғаны атауы мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы бағытын көрсетеді.

Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекеттік органды, оның аумақтық органдарын не ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды көрсетеді.

Мемлекеттің міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекетт қабылдаған міндеттемелерді орындау бойынша шығыстардың мазмұнын көрсетеді.

Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы салым салу жүзеге асатын ұйымның атауын көрсетеді.

Нысаналы аударуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы аудару жүзеге асатын ұйымның атауын көрсетеді;

4) "Бюджеттік бағдарламаның басшысы" деген жолда тиісті бұйрықпен айқындалған бюджеттік бағдарлама басшысының фамилиясы, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі, әкім аппаратының басшысы немесе әкімдік қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін әкімнің орынбасары, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары немесе мемлекеттік орган қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін бірінші басшыларының орынбасарлары мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейіндегі бюджеттік бағдарламаның басшысы болып табылады;

5) "Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі" деген жолда осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асыратын мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді, сондай-ақ осы бюджеттік бағдарламаның қажеттігін негіздейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің толық атаулары, қабылдану күндері мен тіркеу нөмірлері көрсетіледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері көрсетіледі (бап немесе тармақ, тармақша, бөлік және басқалары);

6) "Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме)" деген жолда мемлекеттік органның ережесінде айқындалған өкілеттіктере және басқа да нормативтік құқықтық актілермен немесе тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларында айқындалған бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторларға байланысты шығыстардың бағыттары көрсетіледі;

7) "Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда:

"мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты" деген жол бойынша мынадай бюджеттік бағдарламалар түрінің біреуі көрсетіледі:

республикалық;

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың;

аудан (қалалық);

қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары;

"мазмұнына байланысты" деген жолда бюджеттік бағдарлама түрлерінің біреуі көрсетіледі:

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;

бюджеттік кредиттерді беру;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;

күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекет міндеттемелерін орындау;

нысаналы салым салу;

нысаналы аударым;

"іске асыру тәсіліне қарай" деген жолда жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарлама көрсетіледі;

"ағымдағы/даму" деген жолда ағымдағы бюджеттік бағдарлама не бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

8) "Бюджеттік бағдарламаның мақсаты" деген жолда мемлекеттік органның ережесінде айқындалған өкілеттіктерге және басқа да нормативтік құқықтық актілермен немесе тиісті аумақтарды дамыту бағдарламаларында айқындалған бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторларға байланысты бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі болжанатын белгілі бір нәтиже келтіріледі.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты анық, нақты және қолжетімді болуы тиіс;

9) "Бюджеттік бағдарламаның міндеттері" деген жолда бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу жолдары көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның міндеттері анық, дәл және нақты болуға тиіс;

10) "Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген бағанда жоспарлы кезеңде олардың іске асырылу мерзімдері көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған негізгі іс-шаралар (іс-қимылдар) көрсетіледі (2-4 бағандар);

11) "Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген жолда қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын ұйымның қызметіне немесе көрсететін қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы көрсетіледі;

Тікелей нәтиженің көрсеткіштері:

мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін объективті көрсетеді және бюджеттік бағдарлама басшысының жетекшілік ететін саласына сәйкес келеді;

бюджеттік бағдарламада көзделген бюджет қаражаты есебінен жоспарлы кезеңнің белгілі бір қаржы жылында қол жеткізу болжанатын мемлекеттік орган қызметінің барлық нәтижелерін қамтиды;

бюджеттік бағдарламаның мақсатымен өзара байланыстырады;

абсолюттік шамалармен көрсетіледі. Тікелей нәтиже көрсеткіштерін салыстырмалы немесе пайыздық шамалармен көрсетуге рұқсат берілмейді.

Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей көрсеткіш қана көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттері есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялар бөлінісінде көрсетіледі;

12) "Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері" деген жолда халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының нысаналы жай-күйінің өзгеруі, әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздіктің және басқа да мемлекеттік органдар қызметіне белгілі бір мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген мемлекеттік басқарудың басқа да салаларының (аяларының) көрсеткіштері келтіріледі.

Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері:

белгілі бір уақыт кезеңінде қол жеткізілуіне тиіс белгілі бір қорытындыларды көрсетеді;

мемлекеттік органдардың ережелерінде айқындалған өкілеттіктермен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен не аумақтарды дамыту бағдарламаларында айқындалған нысаналы индикаторлармен және нәтижелер көрсеткіштерімен өзара байланысқан болуы және қойылған міндеттердің шешілу дәрежесін қамтиды;

абсолюттік, сол сияқты салыстырмалы немесе пайыздық шамаларында көрсетіледі.

Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметті қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіштерін айқындамайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіштері айқындалмайды.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінген кезде түпкілікті нәтиже көрсеткіштері тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында айқындалады;

13) "Сапа көрсеткіштері" деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттенулеріне және мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкестігі дәрежесін көрсететін көрсеткіштер көрсетіледі.

Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша сапа көрсеткіштерін айқындамайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша сапа көрсеткіштері айқындалмайды.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінген кезде сапа көрсеткіштері тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында айқындалады;

14) "Тиімділік көрсеткіштері" деген жолда бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу дәрежесін немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі.

Стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тиімділік көрсеткіштерін айқындамайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша тиімділік көрсеткіштері айқындалмайды.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінген кезде тиімділік көрсеткіштері тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында айқындалады;

15) "Бюджет қаражатының көлемі" деген жолда есепті деректер бойынша алдыңғы қаржы жылындағы, ағымдағы қаржы жылындағы және жылдар бөлінісінде жоспарлы кезеңдегі осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының көлемі мың теңгемен көрсетіледі (3-7-бағандар).

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 14.04.2015 № 328 бұйрығымен.

10. Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың жобаларын стратегиялық жоспарлар құрамында ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

3-тарау. 2016-2018 және кейінгі қаржы жылдарына бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу тәртібі және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Бюджеттік бағдарлама стратегиялық жоспардың, аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарына және (немесе) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Әртүрлі көздер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар үшін қаржыландыру көздерінің әрқайсысы үшін бюджеттік кіші бағдарлама бөлінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

12. Стратегиялық жоспардың немесе аумақты дамыту бағдарламасының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындар көрсетілген шығындарды жекелеген кіші бағдарламаларға бөле отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктірілуі мүмкін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

13. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы;
- 2) жоспарлы кезең;
- 3) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;
- 4) бюджеттік бағдарламаның басшысы;
- 5) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі;
- 6) бюджеттік бағдарламаның түрі;
- 7) бюджеттік бағдарламаның мақсаты;
- 8) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері;
- 9) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме);
- 10) бюджеттік бағдарламаның шығыстары;
- 11) бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы;
- 12) бюджеттік кіші бағдарламаның түрі;
- 13) бюджеттік кіші бағдарламаны сипаттау (негіздеме);
- 14) тікелей нәтиже көрсеткіштері;
- 15) бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

14. Бюджеттік бағдарламада бюджеттік кіші бағдарлама болмаған жағдайда, 13-тармақтың 11)-13), 15) тармақшаларында көрсетілген ақпарат бюджеттік бағдарлама нысанында көрсетілмейді.

Бюджеттік кіші бағдарламасы жоқ бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштері бағдарлама деңгейінде көрсетіледі.

15. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы мынадай талаптарға сәйкес әзірленеді:

1) "Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

2) ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы жоспарлы кезең болып табылады;

3) "Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес коды және атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атауы жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің мазмұны және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді немесе мемлекеттік орган қызметінің бағыттарын көрсетеді.

Нысаналы трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары нысаналы трансферттер немесе бюджеттік субсидиялар арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы мақсатын көрсетеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жалпы сипаттағы трансферттердің түрі мен берілетін бюджет деңгейін көрсетеді.

Бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жергілікті бюджеттерді не қарыз алушыны кредиттеу кезінде бюджет деңгейін, сондай-ақ осы бюджеттік кредиттер арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың бағыттарын көрсетеді.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бөлінетін бюджет қаражатының нысаналы бағытын көрсетеді.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты бюджеттік бағдарламалардың атаулары заңды тұлғаның атауы мен жарғылық капиталға қатысу арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы бағытын көрсетеді.

Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекеттік органды, оның аумақтық органдарын не ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды көрсетеді.

Мемлекеттің міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекет қабылдаған міндеттемелерді орындау бойынша шығыстардың мазмұнын көрсетеді.

Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы салым салу жүзеге асатын ұйымның атауын көрсетеді.

Нысаналы аударуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы аудару жүзеге асатын ұйымның атауын көрсетеді;

4) "Бюджеттік бағдарламаның басшысы" деген жолда тиісті бұйрықпен айқындалған бюджеттік бағдарлама басшысының фамилиясы, аты-жөні және лауазымы көрсетіледі.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі, әкім аппаратының басшысы немесе әкімдік қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін әкімнің орынбасары, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары немесе мемлекеттік орган қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін бірінші басшыларының орынбасарлары мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейіндегі бюджеттік бағдарламаның басшысы болып табылады;

5) "Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі" деген жолда осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асыратын мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді, сондай-ақ осы бюджеттік бағдарламаның қажеттігін негіздейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тақырыбы, қабылдану күндері мен нөмірлері көрсетіледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері көрсетіледі;

6) "Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда:

"мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты" деген жол бойынша бюджеттік бағдарламаның мынадай түрлерінің бірі көрсетіледі:

республикалық;

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың;
аудандық (қалалық);

республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала бюджеттерінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары көрсетіледі;

"мазмұнына байланысты" деген жол бойынша бюджеттік бағдарламаның мынадай түрлерінің бірі көрсетіледі:

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;

бюджеттік кредиттер беру;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;

күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекет міндеттемелерін орындау;

нысаналы салым салу;

нысаналы аударым;

"іске асыру тәсіліне қарай" деген жол бойынша жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарлама көрсетіледі;

"ағымдағы/даму" деген жол бойынша ағымдағы бюджеттік бағдарлама не бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындарды қамтитын бюджеттік бағдарламалар бойынша "мазмұнына байланысты", "ағымдағы/даму" деген жолдар бойынша бюджеттік бағдарламаның түрі көрсетілмейді;

7) "Бюджеттік бағдарламаның мақсаты" деген жолда бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізу болжанатын мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының стратегиялық бағыттарымен, аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарымен, мемлекеттік органның ережелерінде айқындалған өкілеттіктермен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен байланыстырылған белгілі бір нәтиже келтіріледі.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты анық, нақты және қолжетімді болуға тиіс;

8) "Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері" деген жолда бюджеттік бағдарламалардың стратегиялық жоспардың мақсатына сандық өлшенетін қол жеткізуі көрсеткіштері, аумақтарды дамыту бағдарламасын және (немесе) бюджеттік бағдарламаның, мемлекеттік органның қол жеткізуі шартталған тікелей нәтижелер көрсетіледі.

Егер бюджеттік бағдарлама стратегиялық жоспардың бір мақсатына сәйкес болса, онда бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі ретінде стратегиялық жоспардың осы мақсатының нысаналы индикаторы көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның нәтижелері:

анық, айқын және нақты болуы тиіс;

оның сандық көрсеткіштері мен оған қол жеткізу күнін (кезеңін) (белгілі бір уақыт аралығында, жоспарлы кезеңнің соңында, жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бөліністе) айқындау жолымен бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалы қорытындысын көрсетуі тиіс;

мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларынды не аумақтарды дамыту бағдарламаларын айқындалған нысаналы индикаторлармен өзара байланысады;

абсолютті, салыстырмалы немесе пайыздық шамалармен беріледі және ақшалай шамада көрсетіле алмайды.

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын, тұрақты сипаттағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша олардың түпкілікті нәтижелерін көрсетпестен анықтауға жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерін және шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды пайдалануға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бөлінетін бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері бюджеттік бағдарламаны бөлетін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелері осы бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, сондай-ақ шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар үшін түпкілікті нәтижелер көрсетілмейді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бюджет кодексінің 31-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалатын бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтиже көрсеткіштері қаржы-экономикалық негіздемелерге және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемелерге сәйкес көрсетіледі;

9) "Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)" деген жолда сипаттамада жоспарланатын бюджет қаражатының стратегиялық жоспарларда немесе не тиісті аумақтарды дамыту бағдарламасында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланыстылығы ашып көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) бюджеттік бағдарламаның жоспарланып отырған бюджет қаражатының негіздемелерін, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылының сомасынан ауытқу себептерін қамтуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) бюджеттік бағдарламаның нәтижесіне қол жеткізу әдістері пен тәсілдерін қамтуы мүмкін, сондай-ақ барынша қысқа, айқын және нақты болуы тиіс;

10) "Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар" деген кестеде есептік деректер бойынша алдыңғы қаржы жылының, ағымдағы қаржы жылының және жоспарлы кезеңге арналған жылдар бойынша бөлінісінде бюджеттік бағдарламаның теңгемен көрсетілген шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік кіші бағдарламалары жоқ бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарлама шығыстары төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде әрбір бюджеттік инвестиция бойынша көрсетіледі;

11) "Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бюджеттік кіші бағдарламаның бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес коды және атауы көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

12) "Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі" деген жолда мазмұнына байланысты бюджеттік кіші бағдарламаның түрі көрсетіледі, сондай-ақ ағымдағы кіші бюджеттік бағдарлама не кіші бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

13) "Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме)" деген жолда кіші бағдарламаның қысқаша сипаттамасы және бюджеттік бағдарламаның мақсаты мен міндетіне қол жеткізуге кіші бағдарламаның іске асырылуының ықпал етуін бағалау келтіріледі.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасын (негіздемесін) қайталамауы тиіс.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

14) "Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген кестеде қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызмет көрсететін мемлекеттік органның қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін қызметтер көлемінің санмен өлшенетін сипаттамасы көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болған жағдайда, бұл кесте әрбір кіші бағдарлама бойынша толтырылады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

есептік деректер бойынша есепті қаржы жылы, ағымдағы қаржы жылы бойынша және жылдар бойынша бөлінісінде жоспарлы кезеңге көрсетіледі;

объективті түрде мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін көрсетеді және бюджеттік бағдарлама басшысының жетекшілік ететін саласына сәйкес келеді;

бюджеттік бағдарламада көзделген бюджет қаражаты есебінен жоспарлы кезеңнің белгілі бір қаржы жылында қол жеткізу болжанатын мемлекеттік орган қызметінің барлық нәтижелерін қамтиды;

бюджеттік бағдарламаның мақсатымен өзара байланысады;

абсолюттік шамалармен көрсетіледі. Тікелей нәтиже көрсеткіштерін салыстырмалы немесе пайыздық шамалармен, ақшалай көрсеткіште көрсетуге жол берілмейді.

Бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шегінде өзара және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) арасында тікелей және түпкілікті нәтижелердің өзара қайталануына жол берілмейді.

Бөлінетін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелері бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, сондай-ақ шартты түрде қаржыландырылатын шығыстар үшін тікелей нәтижелер көрсеткіштері көрсетілмейді.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялар бөлінісінде көрсетіледі.

Бюджет қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыруды көздейтін бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтижелер нысаналы трансферттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі айқындаған қарыз шарттарының, гранттар туралы келісімдердің, жергілікті бюджеттен бірлесіп қаржыландырудың талаптарына сәйкес айқындалады.

Бюджет кодексінің 46-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес төмен тұрған бюджеттердің кірістері бойынша шығындарды өтеуге бағытталған нысаналы ағымдағы трансферттерді қоспағанда, нысаналы ағымдағы трансферттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері төмен тұрған бюджеттердің бөлінісінде көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштерінде төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде бюджеттік инвестицияларының жалпы саны көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бюджет кодексінің 31-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалатын бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері қаржы-экономикалық негіздемелерге және (немесе) техникалық-экономикалық негіздемелерге сәйкес көрсетіледі.

15) "Бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары" деген кестеде бюджеттік бағдарлама бойынша есепті деректер бойынша алдыңғы қаржы жылындағы, ағымдағы қаржы жылындағы және жоспарлы кезеңге арналған жылдар бөлінісінде қорытынды шығыстар сомасы мың теңгемен көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік кіші бағдарламалары бойынша бюджеттік кіші бағдарлама шығыстары төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде әрбір бюджеттік инвестиция бойынша олардың атауын көрсете отырып көрініс табады.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл кесте көрсетілмейді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 14.04.2015 № 328; 25.11.2015 № 715; 13.04.2016 № 173-1; 25.08.2017 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың жобаларын мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидалардың 16-1-тармағына сәйкес аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынылатын, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қоспағанда, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

16-1. Халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ үшін 2018 – 2020 және одан кейінгі жылдарға аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттерінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары әзірленеді және бекітіледі.

Халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ үшін 2020 – 2022 жылдарға және одан кейінгі жылдарға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтер бюджеттерінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары әзірленеді және бекітіледі.

Халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ үшін 2018-2020 және 2019 – 2021 жылдарға аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары әзірленеді және бекітіледі.

Ескерту. Талаптар 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.08.2017 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4-тарау. Бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Стратегиялық жоспарларды әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 2015 қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларының мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрамында бекітіледі.

2016-2018 және кейінгі қаржы жылдарына арналған бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының бұйрығымен бекітіледі.

18. Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-1. Бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде бюджет қаражаты жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

19. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

уәкілетті органның келісімі бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

19-1. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің құрамында бекітілетін бюджеттік бағдарламаларының жобалары аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттері бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі басшысының өкімімен бекітіледі.

Ескерту. Талаптар 19-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.08.2017 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

20. Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың жобалары нысаналы трансферттерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісімен және төмен тұрған бюджеттің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітіледі (қайта бекітіледі).

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттер беруге бағытталған, бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттер беруге бағытталған, бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік бағдарламаларын аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының назарына жеткізеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттік бағдарламалар жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті ревизиялық комиссия төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

22. Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) мәслихаттары аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті мәслихат хатшысының өкімімен бекітіледі.

23. Бюджеттік бағдарламалар жобалары осы Қағидалардың 18-22-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік органдармен келісіледі.

Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бір мезгілде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға адресаты "Мемлекеттік органдарға (тізім бойынша)" деп көрсетіле отырып және аталған мемлекеттік органдардың тиісті тізімін қоса берумен, мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған бір ілеспе хатпен келісуге ұсынылады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен келісуге ұсынылады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджеттің мәслихаты бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына келісуге ұсынылады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты тиісті жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына келісуге ұсынылады.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың жобалары мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен бір мезгілде жоғары тұрған бюджеттің нысаналы трансферттерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді аударатын бюджеттік бағдарламалары әкімшісіне келісуге ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуге алған кезде мемлекеттік органдар оларды басқа мемлекеттік органдармен келісуді талап етпейді.

Бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуден бас тартқан жағдайда, бас тарту себебі негізделеді.

Бюджеттік бағдарламалардың жобалары келісуге жіберілген мемлекеттік органдар оларды алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде бюджеттік бағдарламалар жобаларын ұсынған бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын дайындайды немесе олардың жоқ екендігі туралы хабарлайды.

Мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша ескертулерінде кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар қамтылуы тиіс, сондай-ақ тікелей оның құзыреті мәселелеріне қатысты, негізделген және толық болуы тиіс.

Ескертулер болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын, қажет болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі пысықтайды.

Келісуші мемлекеттік органдардың ескертулерімен келіспеген жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осындай әрбір ескерту бойынша келіспейтіндігін жазбаша түрде негіздей отырып, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын бұрыштама қол қоюға жібереді.

Келісуші мемлекеттік органдарға "ескертулері бар" бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуге жол берілмейді.

Келісуші мемлекеттік орган тұжырымдамалық сипаттағы ескертулердің болуына байланысты бюджеттік бағдарламаның жобасын келісуден бас тартқан жағдайда, мұндай мемлекеттік орган осындай ескертулерді жоюдың өзара оңтайлы шешімін көрсете отырып, дәлелді жауап береді.

Бұл ретте, мемлекеттік органдарға бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуден олар берген ескертулерді жоюдың өзара оңтайлы шешімін көрсетпей бас тартуға жол берілмейді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының қосымшалары бар бюджеттік бағдарламаларды бекіту жөніндегі бұйрығының барлық парақтарына осы бұйрықты келісуге жіберген мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларды әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы не оны ауыстыратын тұлға қол қояды.

Стратегиялық жоспарлар әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанынан кешіктірмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысының не олар уәкілеттік берген лауазымды тұлғалардың бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанынан кешіктірмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанынан кешіктірмей облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жобаларын нысаналы трансферттерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді бөлетін жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің түпкілікті келісуі ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кешіктірмей осы нысаналы трансфертті бөлу жөніндегі жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасы басшысының бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Бұрыштама қол қою мемлекеттік орган басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның лауазымының атауын, бұрыштама қол қоюшының жеке қолын, қолын таратып жазуды, күні мен елтаңбалы мөрін қамтиды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның не мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік бағдарламаларды келісу грифі бюджеттік бағдарламаларды бекіту туралы бұйрықтың соңғы бетінің төменгі сол жақ бұрышында орналастырылады және "КЕЛІСІЛДІ" деген сөзден тұрады.

Нысаналы трансферттерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді бөлетін жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін

нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды келісу грифі тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның бірінші бетіндегі "Келісілді" деген жолда орналастырылады.

Мемлекеттік органдармен түпкілікті келісілген бюджеттік бағдарламаның мәтініне түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Республикалық бюджеттік бағдарламалар:

Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемдері мен нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңды іске асыру туралы қаулысы қабылдаған күннен кейін он жұмыс күні ішінде бюджетті нақтылау кезінде;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджетті түзету туралы қаулылары мен өзге де нормативтік құқықтық актілер қабылданған күннен кейін он жұмыс күні ішінде бюджетті түзету кезінде қайтадан бекітіледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша оларды қаржыландыру көлемдері және нақтылау кезінде нәтижелер көрсеткіштері өзгерген немесе жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджетті түзету туралы қаулылары қабылданған жағдайда, мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімі бекітілген күннен кейін он жұмыс күні ішінде қайта бекітіледі.";

Мемлекеттік органдарды және оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерді құру, тарату, қайта ұйымдастыру, олардың функциялары мен штат санының лимиттерін өзгерту жағдайларында бюджетті түзетуге байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды біріктіру, бөлу, азайту (ұлғайту), беру кезінде бюджеттік бағдарламалар олардың қаржыландыру көлемдері және беру актісі мен бөлу балансына сәйкес нәтижелер көрсеткіштері өзгертіле отырып қайта бекітіледі.

Қағидалардың осы тармағының үшінші бөлігімен байланысты емес бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіткен кезде "Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар" және "Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген кестелерде 5-бағаны бойынша жоспарлы кезеңнің бірінші қаржы жылында көзделген нәтижелердің көрсеткіштері мен қаржыландыру көлемдері бойынша өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) 2017 жылға арналған бюджетін нақтылау және (немесе) түзету кезінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті құрамында бекітілген 2016 жылы мәслихаттың бюджет туралы шешімімен бекітілген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетіне сәйкес аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің 2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары қайта бекітіледі және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Ескерту. Талаптар 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.08.2017 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

25. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына Бюджет кодексінің 85-бабында көзделген бюджет қаражаттары қайта бөлінген жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

26. Бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастамасы бойынша бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің жоспарланған көрсеткіштері сақталған жағдайда, бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық қаржыландыру көлемін өзгертпей, мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келіспей немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша мынадай жағдайларда:

қаражат бір бюджеттік бағдарламаның ішінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламалар арасында қайта бөлінген;

бір бюджеттік бағдарламаның ішінде ағымдағы бюджеттік кіші бағдарламада қалыптасқан үнемдеу даму жөніндегі бюджеттік кіші бағдарламаға қайта бөлінген жағдайларда, өзгерістер енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өз бастамасы бойынша бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізген кезде үш жұмыс күні ішінде тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға хабардар ету тәртібімен бюджеттік бағдарламаларға бекітілген өзгерістерді жолдайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және олар қайта бекітілген кезде бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту кезінде осы Қағидаларда белгіленген талаптар сақталады.

27-1. Осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде бюджеттік бағдарламаларға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламаға енгізілген өзгерістердің салыстырма кестесі және тиісті бюджет комиссиясының шешімі қоса беріледі.

Ескерту. 4-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Бюджеттік бағдарлама бекітілгеннен кейін ол күнтізбелік 3 күн ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің веб-сайтында орналастырылады.

	Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың 1-қосымшасы
нысан	
	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі басшысының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстардың тексеру комиссиясының төрағасының, республикалық маңызы бар

	қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат хатшысының) бұйрығымен (өкімімен) бекітілді 20__ ж. "__" _____ №
--	--

"Келісілді"*

Нысаналы трансферт бөлетін жоғары
 тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама
 әкімшісі басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты,)

20__ ж. "__" _____

мөрдiң орны

**Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
 БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

_____ жылдарға арналған

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____

бюджеттік бағдарламаның басшысы _____

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі							
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)							
Бюджеттік бағдарламаның түрі					мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты		
					мазмұнына байланысты		
					іске асыру тәсіліне қарай		
					ағымдағы/даму		
Бюджеттік бағдарламаның мақсаты							
Бюджеттік бағдарламаның міндеттері							
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі		
1					2	3	4
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	өлшем бірлігі	есепті жыл	ағымдағы жыл жоспары	жоспарлы кезең			
1	2	3	4	5	6	7	

Тікелей нәтиже көрсеткіштері						
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері						
Сапа көрсеткіштері						
Тиімділік көрсеткіштері						
Бюджет қаражатының көлемі	мың теңге					

Ескерту:

* осы жол жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша толтырылады

	Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың 2-қосымшасы
--	---

нысан

	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі басшысының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстардың тексеру комиссиясының төрағасының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат хатшысының) бұйрығымен (өкімімен) бекітілді 20__ ж. "__" _____ №
--	--

"Келісілді"*

Нысаналы трансферт бөлетін жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты,)

20__ ж. "__" _____

мөрдiң орны

БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы
_____ жылдарға арналған

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.
25.11.2015 № 715 бұйрығымен.

Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____

Бюджеттік бағдарламаның басшысы _____

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі _____

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

_____ мемлекеттік басқару деңгейіне қарай

_____ мазмұнына қарай

_____ іске асыру түріне қарай

_____ ағымдағы/даму

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты _____

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері; _____

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) _____

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
...	мың теңге					
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге					

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына байланысты _____

ағымдағы/даму _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) _____

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
...						
...						

Бюджеттік кіші бағдарлама	Өлшем	Есепті жыл	Ағымдағы жыл	Жоспарлы
---------------------------	-------	------------	--------------	----------

бойынша шығыстар	бірлігі		жоспары	кезең		
...	мың теңге					
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге					

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына байланысты _____

ағымдағы/даму _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) _____

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
...						
...						

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
...	мың теңге					
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге					

Ескерту:

* осы жол жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша толтырылады

	Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарға 3 қосымша нысаны
	нысаны

**бюджеттік бағдарламаға енгізілген өзгерістердің
Салыстырмалы кестесі**

Ескерту. Талаптар 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.02.2018 № 38 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(бюджет бағдарламаға өзгерістер енгізу себебі көрсетіледі)

№ р/н	Бюджеттік бағдарлама, бюджет бағдарламасы әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітілген	Өзгерістер енгізілген бюджеттік бағдарлама (түзету немесе нақтылау кезіндегі өзгерістер қалың шрифтпен белгіленеді)	Ауытқуы (бюджеттік бағдарлама бойынша бекітілген сомадан ұлғайту немесе азайту сомасын көрсетіледі (+/-))	Негіздеме (тиісті бюджет комиссиясының шешіміне (егер ондай бар болса) сілтемесімен өзгерістермен толықтырулар енгізудің себептері)																																																														
1	2	3	4	5																																																														
	<p>Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы _____</p> <p>Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <table border="1" data-bbox="220 1227 667 1563"> <thead> <tr> <th rowspan="2">Тікелей нәтиже көрсеткіші</th> <th rowspan="2">Өлшем бірлігі</th> <th colspan="3">Жоспарлы кезең</th> </tr> <tr> <th></th> <th></th> <th></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>...</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>...</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>(Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің көрсеткіштері бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда көрсетіледі)</p> <table border="1" data-bbox="220 1848 667 2009"> <thead> <tr> <th rowspan="2">Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар</th> <th rowspan="2">Өлшем бірлігі</th> <th colspan="3">Жоспарлы кезең</th> </tr> <tr> <th></th> <th></th> <th></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең										Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең											<p>Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы _____</p> <p>Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <table border="1" data-bbox="691 1227 1121 1563"> <thead> <tr> <th rowspan="2">Тікелей нәтиже көрсеткіші</th> <th rowspan="2">Өлшем бірлігі</th> <th colspan="3">Жоспарлы кезең</th> </tr> <tr> <th></th> <th></th> <th></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>...</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>...</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>(Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің көрсеткіштері бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда көрсетіледі)</p> <table border="1" data-bbox="691 1848 1121 2009"> <thead> <tr> <th rowspan="2">Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар</th> <th rowspan="2">Өлшем бірлігі</th> <th colspan="3">Жоспарлы кезең</th> </tr> <tr> <th></th> <th></th> <th></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең										Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең												
Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі			Жоспарлы кезең																																																														
...																																																																		
...																																																																		
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең																																																																
Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең																																																																
...																																																																		
...																																																																		
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең																																																																

...	мың теңге				...	мың теңге			
Бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы шығыстар	мың теңге				Бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы шығыстар	мың теңге			
Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы					Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы				
Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең			Тікелей нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең		
...					...				
...					...				
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең			Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең		
...	мың теңге				...	мың теңге			
Бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы шығыстар	мың теңге				Бюджеттік бағдарлама бойынша жалпы шығыстар	мың теңге			